

ҚАРАМАЙ ДАУЫЛДАРҒА, ЖАУЫНДАРҒА...

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



АНВАРАНЫҢ «АҒЫНЫ»

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



№25
(4923)
Сейсенбі
3 наурыз
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ

LRT: ПОЙЫЗДАР ЖҮРЕ БАСТАЙДЫ

Елорданың сол жағалауында қарқын алған LRT құрылысында сынақтық пайдалану жұмыстары жалғасуда. Жеңіл рельсті пойыз жолаушыларды бірінші стансa Халықаралық әуежайдан соңғы «Нұрлы жол» вокзалы стансасына дейін 40 минутта жеткізеді. Жалпы бағдар бойынша 18 станция болады.

3

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ

САЙЛАУ УЧАСКЕҢІЗДІ БІЛЕСІЗ БЕ?

Астана қаласының тұрғындары сайлау учаскелері туралы ақпаратты бірнеше жолмен біле алады.

Елорда тұрғындары өздерінің референдум учаскесі туралы ақпаратты нақты уақыт режимінде мынандай дереккөз арқылы ала алады:

– ресми веб-сервис арқылы: referendum.astana.kz

– Telegram мессенджеріндегі чат-бот арқылы: t.me/referendum_astana_bot

– iKomek бірыңғай байланыс орталығы арқылы: 109 нөмірі бойынша

КӨКТЕМГІ ҰБТ БАСТАЛДЫ

Қазақстанда 2026 жылғы наурыздық ҰБТ басталды. Тестілеу 6 сәуірге дейін жалғасады. Бұл туралы бүгін Ғылым және жоғары білім министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Наурыз айындағы тестілеуге 184 мыңға жуық адам өтініш берді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 20 мыңға көп. Олардың 74,4%-ы – қазақ тілінде, 25,5%-ы – орыс тілінде, 216 адам ағылшын тілінде тестілеуден өтуге өтініш білдірді.

2026 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеудің форматы өзгеріссіз қалады.

Наурыздағы ҰБТ-ға шартты түрде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданғандар, өткен жылғы мектеп түлектері, колледж түлектері, ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, шетелде білім алған ҚР азаматтары, мектеп бітіретін түлектер жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін қатысады.

ҚОСЫМША ЕКПЕ САЛАДЫ

Елімізде қызылшаға қарсы вакцинация күшейтілді. Ағымдағы эпидемиологиялық жағдайға жауап ретінде Денсаулық сақтау министрлігі эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар кешенін кеңейтті.

Ведомство мәлім еткендей, жағдай тұрақталғанға дейін 6-10 айлық балаларды қосымша иммундау енгізілді, бұрын егілмеген 2-5 және 7-18 жастағы балаларды, сондай-ақ расталған иммундаусыз 30 жасқа дейінгі медицина қызметкерлерін толықтырып вакцинациялау ұйымдастырылады.

«Қабылданған шараларды іске асыру қазірдің өзінде оң нәтиже көрсетіп отыр. Алдыңғы аптамен салыстырғанда (417 жағдай) қызылшаның тіркелген жағдайларының саны 311-ге дейін төмендеді, бұл 106 жағдайға аз. Төмендегеніне қарамастан, эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыруға әлі қол жеткізілген жоқ. Жағдайлардың ең көп саны Астана қаласында тіркелді – 81 жағдай. Пациенттердің негізгі үлесін 14 жасқа дейінгі вакцинацияланбаған балалар құрайды» делінген министрлік хабарламасында.

АҚЫЛЫ ТҰРАҚТАР ӘКІМДІККЕ ӨТЕДІ

Астанадағы ақылы тұрақтар наурыздың соңына дейін әкімдік меншігіне өтеді. Бұл жөнінде Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы мәлім етті.

2025 жылдың желтоқсан айында Астана әкімдігі мен «Астананың тұрақ кеңістігі» ЖШС арасында алдын ала келісімшартқа қол қойылған болатын. Бұл құжатта аталған компания 100 пайыз үлесін жергілікті атқарушы органға қайтарымсыз негізде беретіні жазылған.

«Қазір кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне аудит жүргізіліп жатыр. Барлық тиісті рәсім биылғы наурыз айының соңында аяқталады деп жоспарланып отыр» делінген басқарма хабарламасында.

Ақылы автотұраққа қарайтын барлық жер учаскесі мен инфрақұрылым (шлагбаумдар мен цифрлық жүйелер) коммуналдық меншікке өтеді. Бұл шешім елордадағы тұрақ инфрақұрылымын басқаруды жақсартуға және оны тиімдірек бақылауға оң әсер етпек.



№25 (4923) 03/03/2026 Сейсенбі

АҚОРДА



ОРНЫҚТЫ СЕРІКТЕСТІК ОРНАҒАН

Мемлекет басшысы Азия даму банкінің президенті Масато Канданы қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Масато Кандаға ілтипат көрсетіп, АДБ жетекшісі лауазымына кіріскеніне бір жыл болғанымен және банктің алдағы 60 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Қазақстан Президенті 30 жылдан астам уақыт ішінде Азия даму банкі елімізде жалпы сомасы 7 миллиард доллардан асатын 170-тен аса жобаға қолдау көрсеткенін айтты. Осылайша, банк экономикалық өсімге, инфрақұрылымды жаңғыртуға және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға айтарлықтай үлес қосты. Мемлекет басшысы экономиканың басты секторларындағы ауқымды жобаларды жүзеге асыру жоспары жөнінде әңгімеледі. Бұл елімізде орнықты даму мен құрылымдық өзгерістерді қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған.

Масато Канда Азия даму банкі Қазақстанмен арадағы ықпалдастық аясын кеңейтуді басым бағыт санайтынын жеткізді. Банк тұрғын үй құрылысы, төтенше жағдайларды басқару және өзге де маңызды стратегиялық жобаларды қаржыландыруға дайын екенін растады. АДБ жетекшісі еліміздің цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні енгізу бойынша алдыңғы орында тұрғанын атап өтіп, аса маңызды минералдар секторын ілгерілетуде, ірі инвестициялық бастамаларды іске асыруда зор әлеует бар екеніне тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан мен Азия даму банкі арасында орнықты және ұзақ мерзімді серіктестік орнаған, еліміз өзара тиімді кооперацияны одан әрі кеңейтуге әзір.

СЕНАТ

ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ МАНИФЕСІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттерімен кездесті. Іс-шарада жаңа Конституция жобасының негізгі нормалары және оларды іске асыру жолында жастардың рөлі талқыланды. Сондай-ақ әлеуметтік-саяси трендтер мен қазіргі сын-қатерлер кеңінен сөз болды.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, қазіргі жаһандық тұрақсыздық пен қарқынды технологиялық өзгерістер Қазақстаннан жедел бейімделуді және өзінің тиімді басқару жүйесін қалыптастыруды талап етіп отыр. Осыған байланысты Мемлекет басшысының бастамасымен елдің конституциялық-құқықтық және институционалдық негіздерін жаңғырту үдерісі қолға алынды. Бұл қадамның басты мақсаты – мемлекеттің орнықты дамуын қамтамасыз ету және саяси жүйені терең демократияландыру.

Осы тұрғыда Сенат Төрағасы мемлекеттің жаңа моделін қалыптастыратын негізгі бағыттарға тоқталды. «Жаңа Конституция жобасы – ел болашағының манифесі және Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саяси жүйені жаңғырту бағдарының дәйекті жалғасы. Ата Заң жобасы, ең алдымен, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік қағидаттарына табан тіреп, мемлекеттің ұзақмерзімді даму бағытын айқындайды. Құжатта ұлттық бірегейлікті нығайтуға, мемлекеттік тілді дәріптеуге және патриоттық құндылықтарды қолдауға айрықша мән берілген. Адам капиталы ел келешегінің берік іргетасы ретінде жарияланған Конституция Қазақстанның білім, ғылым және инновацияға негізделген даму жолына түсіп, озық мемлекеттердің қатарына қосылуды көздейтін ұмтылысын айқын көрсетеді. Жалпы, құжаттағы барлық норма – ұзақмерзімді мемлекеттік стратегияларға арналған іргелі құқықтық негіз» деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында референдум өткізу барлық бағытта жаңа тарихи кезеңнің басталатынын білдіретіні айтылды. Бұл қадам партиялық жүйені, мәслихаттардың әлеуетін және азаматтық диалог институттарын нығайтуға серпін беріп, орталық пен өңірлер арасындағы өзара іс-қимылдың берік әрі тиімді вертикалін қалыптастыруға жол ашады. Конституцияны жаңарту арқылы жаһандық өзгерістерге бейімделу саяси архитектураны ғана емес, қоғамның әлеуметтік негіздерін де терең трансформациялауға қажетті алғышарттарды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев заңнамалық жаңашылдықтарды табысты іске асыру жастардың белсенді қатысуына, олардың білім деңгейіне және ел тағдыры үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайындығына тікелей байланысты екенін ерекше атап өтті. «Жаңа Конституцияның негізгі басымдығы – адам және оның құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау. Конституциялық реформа келешек ұрпақтың өркендеуіне және жастардың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін ұзақмерзімді берік негіз қалыптастырады. Осындай жағдайда жастардың азаматтық жауапкершілігі алдыңғы орынға шығады. Әділетті Қазақстанды құру ісіне белсенді араласу, жаңғырту үдерісіне атсалысу, диалог пен жасампаздық мәдениетін дамыту – уақыт талабы. Бұл жолда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұсынған «Адал азамат» тұжырымдамасы маңызды бағдар болады. Ол Абайдың «Толық адам» іліміне сүйене отырып, еңбекқорлықты, адалдықты, кәсібилікті, үздіксіз білім алуды және отансүйгіштікті әрбір азамат үшін түбегейлі құндылықтар ретінде дәріптейді» деді Сенат Төрағасы.

Палата Спикері Сенат жанында бес жылдан астам уақыттан бері жұмыс істеп келе жатқан Сарапшылар клубы мен Талдау мектебінің қызметіне де назар аударды. Бұл алаңдар әртүрлі саладағы жас мамандардың сараптамалық қабілетін жетілдіруге, кәсіби ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Кездесуде қатысушылар цифрлық құқықтарды қорғау, ғылым мен технологияны дамыту және өзге де өзекті бағыттарға қатысты мәселелер бойынша пікір алмасты. Конституциялық өзгерістерді талқылауға арналған іс-шараға жетекші ғалымдар, академиялық қауымдастық өкілдері, мемлекеттік басқару саласының сарапшылары және ЕҰУ оқытушылары мен докторанттары қатысты.

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ШЕШУДІ ЖАҚТАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы Ғизат Нұрдәулетовке күштік құрылымдар мен салалық министрліктердің жетекшілерімен бірге Ирандағы ахуалдың ушығуына және еліміздегі тұрақтылыққа қатер төндіру ықтималдығына байланысты шұғыл шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды.

Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі – Президенттің Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров телеграм-арнасындағы парақшасында жазды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен барлық күштік құрылымдар тәуліктік жұмыс кестесіне көшірілді. Үкіметте Сыртқы істер министрлігі жетекшілік жасайтын арнайы мониторинг тобы жұмысқа кірісті. Өңір әкімдеріне Таяу Шығыста болып жатқан жағдайды ескере отырып, шешім қабылдау тапсырылды.

***

Қазақстан Президенті Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы, Қатар, Бахрейн және Кувейт мемлекеттерінің басшыларына осынау қиын-қыстау кезеңде шынайы қолдауы мен тілектестігін білдіріп, хат жолдады. Мемлекет басшысы достас әрі бауырлас елдердің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған барлық әскери әрекетті батыл айыптайды. «Қазақстан халықаралық күрделі проблемалар мен қарулы қақтығыстардың бәрін тек дипломатиялық жолмен шешуді ұдайы жақтайды» делінген хатта. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан бауырлас араб мемлекеттеріне қал-қадеріншe көмек көрсетуге дайын екенін айтып, аталған елдердің басшыларымен тұрақты қызметтік қарым-қатынас жалғасатынына үміттенетінін жеткізді.

***

Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ахуалды жіті қадағалап отыр.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Иордания Королі II Абдаллаға хат жолдап, Қазақстан қазіргідей сын сағатында бауырлас иордан халқына қолдау мен тілектестік білдіретінін жеткізді. Президент ахуалдың ушығуына әкелуі мүмкін іс-қимылдардан бас тартуға шақырып, кез келген халықаралық қақтығыс дипломатиялық тәсілдер арқылы шешілуі қажет екенін тағы да атап өтті.

***

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнимен әңгімелесу барысында Таяу Шығыстағы ахуалды талқылады. Президент аймақта қақтығыстың өршіп кеткеніне алаңдаушылық білдіріп, осынау күрделі кезеңде Әмір мен бауырлас Қатар халқына тілектес екенін айтты. Шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни Қазақстанның ұдайы қолдауы үшін ризашылығын жеткізіп, екі ел арасындағы сан қырлы қарым-қатынасты достық және стратегиялық серіктестік рухында одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады. Қазақстан Президенті қасиетті Рамазан айында Қатар Әмірінің мемлекеттік қызметіне табыс, ал бауырлас Қатар халқына бейбітшілік пен бақ-береке тіледі.

***

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен телефон арқылы сөйлесті. Қазақстан Президенті Таяу Шығыстағы ахуалдың ушығуына алаңдаушылық білдіріп, Әмірліктердің басшылығы мен барша халқына шынайы құрметін, қолдауы мен тілектестігін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев қарулы қақтығыс барысында Біріккен Араб Әмірліктерінің азаматтық инфрақұрылымына зақым келгеніне қынжылатынын айтты. «Қазақстан Біріккен Араб Әмірліктерін достас әрі бауырлас ел ретінде қарастырады, қажет жағдайда қал-қадерінше көмектесуге дайын» деді Қазақстан Президенті. Мемлекет басшысы БАӘ азаматтық нысандарына, сондай-ақ Шығанақтағы басқа да елдерге жасалған шабуыл қатаң айыпталуы керек деп санайды.

Шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян еліміздің қолдауын жоғары бағалап, қазіргі халықаралық дағдарысты еңсеруде көмек көрсетуге ықылас танытқаны үшін ризашылығын білдірді. Әңгімелесу барысында тараптар Қазақстан мен БАӘ арасындағы достық қарым-қатынас пен стратегиялық серіктестікті нығайтуға бейіл екенін растады. Сондай-ақ қасиетті Рамазан айында екі елдің халқына бейбітшілік пен бақ-береке тіледі.



ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫН ЭВАКУАЦИЯЛАУҒА ӘЗІР

Көлік министрлігінде жедел штаб отырысы өтіп, отандық әуе компаниялармен бірге баламалы әрі қауіпсіз бағыттар қаралды.

Әуе тасымалдаушылары әуе кеңістігі ашылған жағдайда арнайы рейстерді орындауға дайын екенін мәлімдеді. Қазір Иран, Израиль, БАӘ, Бахрейн, Кувейт, Иордания, Сауд Аравиясы, Катар, Оман, Ирак және Ливанның әуе кеңістігі жабық. Осыған байланысты 28 ақпанда 14 рейс, 1 наурызда 12 рейс тоқтатылды. Жолаушыларға жедел көмек көрсету үшін тәулік бойы жұмыс істейтін колл-орталықтар ашылды:

+7 7172 77 98 21
+7 7172 79 82 13

ӘКІМДІКТЕР АЙЫППҰЛ САЛУҒА ҚҰҚЫЛЫ

Бұдан былай әкімдіктер қоғамдық кеңістіктерге заңсыз күл-қоқыс тастағандарға айыппұл салады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген түзетулер күшіне енді. Құжатқа Мемлекет басшысы 2025 жылдың 30 желтоқсанында қол қойған болатын.

«Заң Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және барлық облыстардың жергілікті атқарушы органдарына қоғамдық кеңістіктерді ластағаны және қоғамдық жұмыстар ережелерін бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-2 және 505-баптары бойынша әкімшілік хаттамалар беру құқығын береді. Бұрын бұл іс-шараларды тек құқық қорғау органдары ғана қолдана алатын» деп түсіндірді жаңалықты Экология министрлігінің өкілдері.

434-баптың 2-тармағына сәйкес, ортақ пайдаланылатын орындарды, саябақтарды, скверлерді ластағаны, соның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастағаны үшін 10 АЕК мөлшерінде (43 250 теңге) айыппұл салынады немесе 40 сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады.

№25 (4923) 03/03/2026 Сейсенбі



LRT КӨКТЕМДЕ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекпен бірге LRT депосының ғимаратына барып, жеңіл рельсті көлік жобасын жүзеге асыру аясында құрылып жатқан Бірыңғай диспетчерлік орталықтың жұмысқа дайындық барысымен танысты.

Депо құрамында жалпы ауданы 768 шаршы метр болатын Бірыңғай диспетчерлік орталық (процессингтік орталық) қалыптастырылуда. Бұл орталық жүйені басқару мен қаланың жол-көше желісіндегі үдерістерді үйлестірудің негізгі элементіне айналады.

Орталықтың функционалына LRT құрамдарының қозғалысын басқару, интеллектуалды көлік жүйесінің бағдаршам нысандарын үйлестіру, қоғамдық көлікті диспетчерлік сүйемелдеу, велосипедті жалға беру жүйесін диспетчерлеу, сондай-ақ көлік деректерін өңдеу және аналитикалық талдау кіреді. Қалалық қызметтермен интеграция басқаруды орталықтандыруға, штаттан тыс жағдайларға ден қою кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сынақтық пайдалану бекітілген сынақ бағдарламасына сәйкес бүкіл желі бойынша жүргізілуде. Сынақ кезеңінің міндеттеріне қарай пойыздар тоқтаусыз өтуі мүмкін немесе барлық стансаларда тоқтап, есіктердің синхрондалуын, позициялау жүйелерін, тоқтау дәлдігін және борттық әрі стансалық басқару жүйелерінің өзара әрекеттесуін тексереді. Сынақтық пайдалану тәуліктің кез келген уақытында, соның ішінде түнгі мезгілде де жүзеге асырылады. Сынақтардың ұзақтығы тәулігіне 12 сағаттан асады. LRT құрамдары пилотсыз режимде (GoA4) қатынайды. Сынақтар инфрақұрылым мен қауіпсіздік жүйелерін тексеруді, сондай-ақ персоналды даярлауды және апаттық рәсімдерді пысықтауды қамтиды. Құрамдар Орталық Азияның климатына бейімделген, төмен температура мен мұздануға төзімді.

Қозғалмалы құрам дөңгелектерінің конструкциясында серпімді элементтер қолданылған: бандаж бен дөңгелек дискісінің арасына дірілді оқшаулау қызметін атқаратын резеңке төсем қарастырылған. Бұл шешім динамикалық жүктемелер мен құрылымдық шудың берілуін азайтып, пойыздар қозғалған кездегі акустикалық әсер деңгейін төмендетеді. Қозғалыс аралығы: 5-тен 10 минутқа дейін (учаскеге байланысты); Стансалар арасындағы жүріп өту уақыты: 1,5-3 минут; «Нұрлы жол» стансасынан «Әуежай» стансасына дейінгі жүру уақыты – шамамен 40 минут.

Сынақтық пайдалануды аяқтау және жолаушылар қозғалысын бастау күні барлық іс-шаралар кешені толық орындалып, жүйенің белгіленген техникалық талаптарға сәйкестігі расталғаннан кейін анықталатын болады. LRT жұмысының басталуы жақын айларда (көктемде) күтіледі.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының отырысы өтті.

Жиынға қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев, Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның хатшысы Қарлығаш Саркенова, қалалық Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы Серік Әділбаев, Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржангүл Қайырбаева, Астана қаласы Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы ювеналдық полиция бөлімінің басшысы Гаухар Ыдышева, Психологиялық қолдау орталығының басшысы Гүлмира Қапанова, Психикалық денсаулық орталығы директорының орынбасары Елена Полиенко және т.б. қатысты.

«Бірінші мәселе – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың және буллингтің алдын алу бойынша Астана қаласының Білім басқармасы, Полиция департаменті және Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының өкілдері тыңдалды. Екінші мәселе – кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу шаралары бойынша психологиялық қауіп-қатерлерді ерте анықтау, профилактикалық жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерге психологиялық және психиатриялық көмек көрсету жүйесін жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар профильдік қызметтер тарапынан мемлекеттік қолдау мен әлеуметтік сүйемелдеуді қажет ететін нақты жағдайлар мен кейстер қаралды.

Қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларға көмек беру үшін уақтылы әрекет ету, қолдау көрсету және олардың үнін есту аса маңызды. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау – комиссия қызметінің басты басымдығы» деді Қарлығаш Саркенова.

Отырыста кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтары мен әл-ауқатын қорғау мәселелері қаралды.

Сондай-ақ комиссияда қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржангүл Қайырбаева профилактикалық жұмыстар аясында 10 мобильдік топ құрылғанын айтты. Сонымен қатар Астанада полициямен бірлесіп «Түнгі қаладағы балалар» рейдін тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Комиссия отырысының қорытындысында Қасымхан Сенғазыев Білім басқармасына Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасымен бірлесіп, ішкі істер органдарында есепте тұрған жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етуді тапсырды.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР САЛЫНАДЫ

Елорда әкімі әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында салынатын жаңа нысандар туралы жазды.



«Қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын жүйелі түрде дамытып келеміз, оның ішінде жаңа нысандарды салу да бар. Олар – мектептер, балабақшалар, спорт нысандары, студенттік жатақханалар, медициналық мекемелер, Оқушылар сарайы және т.б.

Мәселен, биыл біз жеке инвестициялар есебінен тағы екі мемлекеттік Оқушылар сарайын және бір музыкалық мектеп салып, пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Олар мына мекенжайларда орналасады: Ақан сері және С189К көшелерінің қиылысы (№106 орта мектептің жанында), М.Төлебаев көшесі (№116 орта мектептің жанында), Сығанақ көшесі, №17/41 (№101 орта мектептің жанында).

Осыған дейін 3 Оқушылар сарайын салып, пайдалануға бердік. 2027 жылы осындай тағы 2 нысан салып, қолданысқа беруді жоспарлап отырмыз» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

ОҚУШЫЛАР КИНОДАН САБАҚ АЛДЫ

Астана қаласының №29 орта мектебінде 9-11 сынып оқушылары мен колледж студенттеріне арналған «Хулиганка» атты қысқаметражды фильмі көрсетілді.

Шапағат ӘБДІР

Фильмде «бұзақы» деп қабылданатын жасөспірімнің ішкі жан дүниесі, оның агрессивті әрекеттерінің астарында жатқан қорқыныш, қысым, өзін дәлелдеуге деген ұмтылыс пен әлеуметтік ортаның ықпалы көрсетіледі. Көрсетілімнен кейін оқушылармен арнайы киноталдау ұйымдастырылып, «Көремін – Ойланамын – Әрекет етемін» әдісі арқылы фильм фрагменттері кезең-кезеңімен талқыланды. Онда оқушылар буллингтің түрлерін атап, оның тек физикалық емес, психологиялық тұрғыдан да ауыр зардап әкелетінін айтты. Топтық жұмыс барысында агрессияға не итермелейтіні, қысымның қалай көрінетіні, қандай қолдау жағдайды өзгерте алатыны талданды. Соңында әр қатысушы өз өмірінде қандай жауапты қадам жасай алатынын айтып, зорлық-зомбылыққа жол бермеу, қиын жағдайда көмекке жүгіну және өзгеге қолдау көрсету маңызды екенін атап өтті.

«Қазіргі таңда бала тәрбиесі бәрінен маңызды болып отыр. Жасөспірімдер арасында қылмыстың өршуі, есірткі қылмысына шатысуы – жүйелі түсіндіру жұмыстарының қажеттігін көрсетеді. Сондықтан бүгін мектепте арнайы «Хулиганка» қойылымын ұсынып отырмыз. Бұл туынды арқылы балалар қылмысты жолдың дұрыс емес екенін түсінеді және әр әрекеттің заң алдындағы жауапкершілігі бар екенін ұғынады» дейді Астана қаласы әкімдігінің «Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының» Тәрбие жұмысы бойынша координация және үйлестіру бөлімінің басшысы Эльвира Ибраева.

Талқылау барысында оқушыларға заң талаптары да түсіндірілді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Хулиганка» қысқаметражды фильмі басқа мектептерде де көрсетіліп, профилактикалық жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.



АРДАГЕРЛЕР АЛҒЫС АЙТАДЫ

Бас қаладағы Байқоңыр аудандық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнеткерлері 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай «Алғыс жүректен шыққан сөз» атты мерекелік іс-шара өткізді. Мерекелік кеш концерт форматында ұйымдастырылып, орталық зейнеткерлері көктем мерекесі қарсаңында өз өнерлерін көрсетті.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Алғыс айту күніне арналған концерттің басты мақсаты – Қазақстанды ортақ үйіміз ретінде құрметтеуге шақыру, түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің достығын, өзара сыйластығы мен бірлігін нығайту болатын.

– Алғыс айту күніне орай мерекелік концерт ұйымдастырып отырмыз. Орталыққа жиі келетін ардагерлер өнер көрсетеді. Басқа этнос өкілдері қазақ халқына алғыстарын айтады. Орталыққа келушілер саны төрт мыңнан асады. Барлығы бір-бірлерімен тату-тәтті араласып тұрады. Ардагерлердің мереке қарсаңындағы көңіл күйлері тамаша, біз де соған қуанып тұрмыз, – дейді орталықтың Байқоңыр ауданы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Роза Байсалбаева.

– Кәріс ұлтының атынан барлық қазақстандықтарға алғысым шексіз.

Қазақстанда өмір сүріп, бақытты ғұмыр кешудеміз. Ұрпағымызда осы елде өсіп келеді. Қазақ халқының қонақжайлығы, бауырмашылдығы өте қатты ұнайды. Салт-дәстүрін, әдеті мен ғұрпын сақтаған елдің болашағы да зор болады деп есептеймін. Қазақ жұрты ғасырлар бойы өзгелерге үлгі болады деп сенім артамын. Алғысым шексіз, – деп ағынан жарылды Райса Николаевна. Концерттік бағдарламада «Жасар» дефиле клубының көрсетілімі, «Ата толғауы» домбырашылар ансамблінің музыкалық нөмірі, халық билері және өзге де шығармашылық қойылымдар ұсынылды. Сонымен қатар, іс-шараға қатысушы өзге этнос өкілдері де жүрекжарды алғыстарын білдіріп, мерекелік кештің сәнін келтірді.

№25 (4923) 03/03/2026 Сейсенбі

САЯСИ ПАРТИЯЛАР ҚОЛДАДЫ

Астанада жаңа Конституция жобасына арналған Партияаралық диалог өтті. Партияаралық диалог – спикерлерге қойылатын нақты регламенті мен айқын міндеті бар, 4 раундтан тұратын бірегей пікірталас форматы.



Диалогқа Қазақстандағы 7 партия атынан 14 спикер қатысты. Олар модераторлар мен қарапайым қазақстандықтардың сұрақтарына жауап бере отырып, жаңа Конституция жобасына қатысты өз ұстанымдарын білдірді.

Спикерлер Тәуелсіздік пен ұлттық бірлікті Конституция деңгейінде бекіту, Парламент бақылауын күшейту, білім мен ғылымды дамыту басымдығы, әлеуметтік кепілдіктер, меншік құқығын қорғау, мемлекеттің экологиялық жауапкершілігі, азаматтардың цифрлық құқығы және негізгі шешімдер қабылдау кезіндегі жалпыхалықтық референдумның рөлі сынды бірқатар мәселені талқылады.

Мәжіліс депутаты, Amanat партиясы фракциясының мүшесі Айдос Сарым жаңа Конституция жобасының 3-бабына қатысты сұраққа жауап бере отырып, бұл бапта алғаш рет конституциялық деңгейде мемлекеттің стратегиялық қызмет қағидаттары – Тәуелсіздікті қорғау, ұлттық бірлікті нығайту, қоғамдық диалогты дамыту, адам құқығы, ғылым мен білім басымдығы бекітілгенін мәлімдеді.

«Жаңа Конституцияның 3-бабы туралы айтқан кезде, біз мемлекеттік саясаттың іргетасы туралы ой қозғаймыз. Бұл жай ғана құндылықтар тізімі емес, ол – құқықтық бағдар. Заңдар мен биліктің барлық тармағының шешімдері соған сәйкес келуі тиіс» деді Айдос Сарым.

Өз кезегінде, Мәжіліс депутаты, Amanat партиясы фракциясының мүшесі Үнзила Шапақ жаһандық трансформациялар мен технологиялық өзгерістер жағдайында Конституцияны жаңғырту қажет екеніне назар аударды. Оның айтуынша, Ата Заңды жаңғырту – мемлекеттің құқықтық тұрғыда дамуының қисынды кезеңі.

«Конституцияны жаңғырту – құқықтық тұрғыда дамудың табиғи әрі қисынды көрінісі. Жаңа жоба демократиялық институттарды нығайтуға және құқық үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған» деді Үнзила Шапақ.

Мәжіліс депутаты, «Ауыл» партиясының төрағасы Серік Егізбаев жаңа Конституция жобасы мемлекет дамуының адамға бағдарланған моделін бекітетінін айтты. Соған сәйкес, мемлекет адамға қызмет етуге тиіс. Мәжіліс депутаты, «Ауыл» партиясы фракциясының мүшесі Жигули Дайрабаев Конституцияға өзгерістер енгізудің жаңа тәртібіне – жалпыхалықтық референдум арқылы шешім қабылдау мәселесіне егжей-тегжейлі тоқталды. Мәжіліс депутаты, «Respublica» партиясының төрағасы Айдарбек Қожаназаров жаңа Конституция ұзақ мерзімді инвестициялар үшін болжамды орта қалыптастыратынын атап өтті. Мәжіліс депутаты, «Respublica» партиясы фракциясының мүшесі Екатерина Смолякова мемлекет пен бизнес әріптестігінің философиясына тоқталды. Мәжіліс депутаты, Қазақстан Халық партиясы фракциясының жетекшісі Магеррам Магеррамов жаңа Ата Заңның әлеуметтік мәніне назар аударды. Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясының төрағасы Азамат Әміртаев экологиялық жауапкершілікті күшейту мәселесіне тоқталды. Өз кезегінде, «Байтақ» партиясының мүшесі Тәңірберген Бердоңғаров Конституция мәтініне «Миранда ережесінің» енгізілуін оң бағалады. «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясының атынан оның төрағасы әрі Мәжіліс депутаты Азат Перуашев сөз сөйлеп, пропорционалды сайлау жүйесіне көшу қадамын қолдады. Мәжіліс төрағасының орынбасары, «Ақ жол» партиясының мүшесі Дания Еспаева жеке меншікті қорғау мәселесіне назар аударды. Мәжіліс депутаты, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының төрағасы Асхат Рақымжанов жаңа редакция адам өмірінің елеулі бөлігі цифрлық кеңістікке ауысқанын ескеретінін айтты. Ал оның фракцияласы Нұрлан Әуесбаев отбасы институты мен бақытты балалық шақты қорғауды күшейту мәселесіне тоқталды. Осылайша, партияаралық диалог алаңы жаңа Конституция жобасын талқылауда саяси ұстанымдардың кең ауқымын көрсетіп, көрермендерге елдің алдағы дамуына қатысты негізгі мәселелер бойынша партиялардың көзқарастарын салыстыруға мүмкіндік берді.

ЖАС СПОРТШЫЛАРҒА ТҮСІНДІРІЛДІ

Астанадағы Василий Тахтай академиясында елдегі Конституциялық реформаларды және алдағы референдум маңызын түсіндіру мақсатында жас спортшылармен кездесу өтті.

Жаңа Конституция жобасын түсіндіруге журналист, ақын Олжас Қасым және Amanat партиясының «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы, елордалық мәслихат депутаты Арсланбек Мағзұм қатысты. Алғашқы сөз кезегін алған ақын Олжас Қасым болашақ чемпиондарды тәрбиелеу үшін тұрақты жағдай жасаудың маңызды екенін айтып, спорт саласы бойынша жаңа Ата Заңда азаматтардың құқықтары бекітілетінін сөз етті.

– Цифрлы дамыған заманда Ата Заңға өзгеріс енгізу – уақыт талабы. Сәйкесінше қазіргі Конституцияның 77 бабы немесе 84%-ы өзгермек. Әлемдегі геосаяси жағдайлар қарқынды дамуда. Жаһандану жаңа қалыпқа ауысты. Бұл тұста азаматтардың қоғамдық белсенділігі қажет, – деді А.Мағзұм.

Жиын соңында спикерлер биыл 15 наурызда өтетін республикалық референдумға жиналғандарды белсенді түрде қатысып, тиісті шешімге дауыс беруге шақырды.





РЕФЕРЕНДУМНЫҢ МӘНІ – ҚАТЫСУ

«Beeline Arena» ұлттық теннис орталығында «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының Астана қалалық филиалының өкілдері орталық ұжымымен, сондай-ақ спорт және инклюзивті қоғамдастық өкілдерімен кездесті.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Іс-шараға Amanat партиясы Астана қалалық филиалының Экономика және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі кеңес мүшесі Асқар Абдразақов, «Қазақстан халық партиясы» ҚБ Орталық аппаратының талдау және халықаралық қатынастар бөлімінің басшысы Сұлтанбек Құдабай және Amanat партиясының Астана қаласы Нұра аудандық филиалының Саяси кеңес мүшесі Шыңғысхан Қожахметов қатысты.

Кездесу барысында жаңа Конституция жобасының негізгі тұжырымдамалары мен олардың қоғам үшін практикалық мәні түсіндірілді.

– Amanat партиясы – саяси жауапкершілікті ардақтайтын, азаматтық диалог пен қоғам пікірі арқылы өзгерістерге қолдау көрсететін ұйым. Сол себепті референдум – бұл тек мемлекеттік іс-шара ғана емес, сонымен бірге азаматтық қоғамның шешім қабылдау процесіне белсенді қатысу мүмкіндігі. Біз әрқайсымыз өз пікіріміз бен ұстанымымызды қоғам алдындағы борышымыз ретінде білдіре аламыз. Бұл – елдің демократиялық дамуына қосылған әрбір адамның үлесі. Референдумның мәні – қатысу. Қала тұрғындары ретінде әрбір дауыс маңызды. Өз ойымызды білдіре отырып, біз өзіміз өмір сүріп жатқан қоғамның даму бағытына тікелей ықпал етуіміз керек, – деді Amanat партиясы Астана қалалық филиалының Экономика және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі кеңес мүшесі Асқар Абдразақов.

Қатысушылар сұрақтар қойып, ашық диалог форматында пікір алмасты.

Спикерлер жаңа Конституция жобасында дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметті реттеудің қарастырылғанын ерекше атап өтті.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ИДЕЯ БІРІКТІРДІ

Елордадағы «Mega Silk Way» сауда-ойын-сауық орталығында Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа редакциясын қолдауға арналған ауқымды концерт өтті.

Іс-шара «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының қызметі аясында ұйымдастырылып, елорда тұрғындары мен қонақтарын конституциялық өзгерістер идеясы төңірегінде біріктірді.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, концертке 5 мыңға жуық адам қатысты. Олардың қатарында жастар, қоғам өкілдері және сауда-ойын-сауық орталығының келушілері болды. Іс-шара атмосферасы азаматтық белсенділік пен қоғамның алдағы өзгерістерге деген қызығушылығын айқын көрсетті.

Сахнада қазақстандық эстрада жұлдыздары – Маржан Арапбаева, «Бәйтерек» тобы, Еркеш Хасен, Мәди Сыздықов, «Жошы» тобы, Зарина Божакова және Мирас Жүгінісов өнер көрсетті.

Концерт барысында жиналған қауым алдында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Астана қаласы мәслихатының депутаттары, сондай-ақ Қоғамдық кеңес пен жалпыұлттық коалиция штабының мүшелері сөз сөйледі. Олар Конституцияның жаңа редакциясындағы негізгі ережелерді түсіндіріп, ұсынылып отырған өзгерістердің құқықтық мемлекетті одан әрі дамыту және қоғамдық бірлікті нығайту үшін маңыздылығын атап өтті.

Ұйымдастырушылар мұндай іс-шаралар азаматтарды ақпараттандыруға және алдағы референдум мәселелері бойынша ашық қоғамдық диалог қалыптастыруға бағытталғанын жеткізді.

МАЗМҰНДЫ КЕЗДЕСУ

Астанада «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының Астана қалалық филиалының өкілдері «Жеңіс» футбол орталығында тәрбиеленіп жатқан балалардың ата-аналарымен және орталық жаттықтырушыларымен мазмұнды кездесу өткізді.

Іс-шараға жалпыұлттық коалицияның Астана қалалық филиал жетекшісі Ерлан Каналимов және Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы Давид Лория қатысты.

Кездесу барысында жаңа конституциялық үлгінің негізінде адам дамуының басымдығы тұрғаны, өңіріне қарамастан әрбір балаға тең мүмкіндіктер жасау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты екені айтылды.

«Конституциялық реформалардың басты өзегі – адам және оның әлеуеті. Балалар спортына инвестиция салу – бұл ұлт болашағына салынған инвестиция. Әрбір бала сапалы инфрақұрылымға, кәсіби жаттықтыруға және қауіпсіз ортаға қол жеткізуі тиіс. Конституцияда бекітілген әлеуметтік әділеттілік қағидаттары спорт саласының да тұрақты дамуына құқықтық негіз қалыптастырады» деп атап өтті Ерлан Каналимов.

Кездесу ашық әрі интерактивті форматта өтті. Ата-аналар мен жаттықтырушылар футбол саласындағы инфрақұрылымды жақсарту, жаттықтырушылардың мәртебесін көтеру, балалар жарыстарын көбейту және өңірлік қолдауды күшейту мәселелерін көтерді.

ҚАРАМАЙ ДАУЫЛДАРҒА, ЖАУЫНДАРҒА...




Оңалхан ӨНЕРХАН

Шапағат ӘБДІР

Былтыр елордада алғашқы қар 4 қараша күні жауды. Қар жауа салысымен қала қарбалас күйге түсті. Алғашқы күні қар күреу жұмысына қаланың 6 ауданында 900-ге жуық арнайы техника мен 2,5 мыңға тарта жол жұмысшысы жұмылдырылған еді.

– Қалада бізді әр учаскеге бөліп қойған. Сол бекітілген аумақ бойынша күнде таңғы сағат 5,5-6-дан бастап жұмысқа кірісеміз. Таң ата салысымен көшеге шығамыз. Әсіресе Кенесары көшесі мен Жеңіс даңғылы бойы – біздің күнделікті тазалайтын жеріміз. Қар жауған күні қар күреймеміз, қар тоқтағанда оны тиеп, шығарамыз. Ал қар жоқ кезде бос тұрмаймыз – қатып қалған мұзды ойып, жолды адамдарға да, көліктерге де қауіпсіз етуге тырысамыз. Жалпы аптасына бір-ақ күн демаламыз, қалған уақытта жұмыс тоқтамайды. Әр мезгілдің өз ауыртпалығы бар ғой. Қыста – қар мен көк мұз. Көктемде – толассыз жаңбыр, батпақ. Жазда – аптап ыстықтың астында асфальттың үстінде жүресің. Күз келсе жапырақтан көз ашпай қаламыз. Қай мезгіл болса да көше тазалығы өзінен-өзі болмайды. Оның бәрін күн сайын сыртта жүріп, қара жұмыстың дәмін татқан адам ғана түсінеді, – дейді Сарыарқа ауданына қарасты «Астана Тазалық» мекемесінің қызметкері Береке Болатбек.

> «Сере, сере, сере қар,
> Асты кілең, үсті мұз,
> Күн-түн қатса жібімес» деп Доспамбет жырау айтпақшы, Арқаның алты ай қысы биыл арқар аудырардай қатты суық та, арқаны кеңге салардай шуақты да бола қойған жоқ. Мүмкін табиғаттағы климаттық өзгерістердің әсерінен болар, соңғы жылдары ел аузынан «бұрынғыдай қыс жоқ» деген сөзді де жиі еститін болдық. Бірақ арқасына ердің батқанын адам емес, ат білер демекші, қыстың қаншалықты болғанын сыртта қар тазалап жүрген жұмысшылар жақсы біледі. Қыста қарлы боран мен дауылға, жазда жауын-шашынға қарамай қолына күрек алып, үстіне шинель киіп, аяғына етік киген қара жұмысшылардың қашанда еңбегі адал, маңдай тері ащы.



Шынында, біздің күн сайын еш кедергісіз жүріп-тұруымыздың, таңертең жұмысқа асыққанда да, кешке үйге қайтқанда да жолымыздың ашық болуының артында осындай еңбек адамдарының маңдай тері жатыр. Таңның қараңғысынан бастап түннің қою салқынына дейін олар бірде қармен арпалысып, бірде шаңмен алысып, қаламызды таза ұстап келеді. Біз жарық көшелермен алаңсыз жүріп өткен сәттердің өзінде сол тазалықтың артында көзге көрінбейтін тынымсыз еңбек, төзім мен жауапкершілік жатқанын ұғынуымыз керек-ақ. Қарлы боранда да, аптап ыстықта да, жаңбырлы күнде де өз міндетін үнсіз атқарып жүрген мұндай жандардың еңбегі – күнделікті тіршілігіміздің тынысын қамтамасыз етіп тұрған шынайы күш.

Ал «Қазгидромет» ұсынған деректерге сәйкес, 2024-2025 жылғы қыс мезгілінде қар жамылғысының ең жоғары биіктігі өңірлер бойынша әртүрлі қалыптасқан.

– Ақмола облысы бойынша қардың ең жоғары қалыңдығы 54 см-ге жетіп, бұл көпжылдық орташа көрсеткіштен (30 см) едәуір жоғары болды. Сол сияқты Астана қаласында да қар жамылғысы 51 см-ге дейін көтеріліп, қалыпты деңгейден (26 см) айтарлықтай асып түссе, Қарағанды облысы мен Абай облысы өңірлерінде де қар мөлшері тиісінше 32 см және 33 см болып, көпжылдық орташа мәндерден жоғары тіркелген. Солтүстік өңірлердің бірі – Солтүстік Қазақстан облысы аумағында қар қалыңдығы 38 см-ге жетті (орташа көрсеткіш – 30 см). Ал батыс және оңтүстік аймақтарда қар мөлшері салыстырмалы түрде аз болды. Мәселен, Атырау облысы аумағында ең жоғары көрсеткіш небәрі 10 см болса, Жамбыл облысы бойынша 6 см ғана тіркелді. Қызылорда облысы мен Маңғыстау облысы өңірлерінде қар жамылғысы тиісінше 7 см және 12 см деңгейінде болды. Шығыс өңірлерде жағдай әркелкі байқалды. Шығыс Қазақстан облысы бойынша қардың ең жоғары биіктігі 28 см болып, көпжылдық орташа көрсеткіштен (45 см) төмен қалыптасты. Ал Жетісу облысы мен Түркістан облысы өңірлерінде қар жамылғысының биіктігі 20 см-ге дейін жетсе, Шымкент қаласында бұл көрсеткіш 17 см деңгейінде тіркелді. Астана қаласында биылғы қыс мезгілінде, яғни желтоқсан айынан 25 ақпанға дейін түскен қар мөлшері климаттық нормадан айтарлықтай жоғары болды. Желтоқсан айында қардың көпжылдық нормасы 25 мм болса, нақтысында 49,8 мм қар жауған. Қаңтар айында норма 18 мм болғанмен, іс жүзінде 23 мм тіркелді. Ал ақпан айының климаттық нормасы – 17 мм. Соған қарамастан, 1-25 ақпан аралығында ғана 47,9 мм қар түскен. Осылайша, қыс бойы елордада жауған қар мөлшері әр айда нормадан асып, әсіресе ақпан айында айтарлықтай жоғары деңгейде байқалды, – дейді «Қазгидрометтің» баспасөз қызметі.

«Қыстың көзі – қырауда» демекші, даланың әр күйін, жылдың әр құбылысын дәл таныған халқымыз қардың өзін ғана емес, оның сан алуан қалпын да жеке атаумен айшықтаған. Мұны қазақ дүниетанымының табиғатпен тұтастығын көрсететін тілдік мұра десек қателеспейміз. Мәселен, қазақ ұғымында қар: ақша қар, алақанат қар, анжыр, боз қырау, жапалақ қар, жылбысқы қар, көбік қар, күпсек қар, күртік қар, қасат қар, қиыршық қар, қылау, қырау, қырбық қар, мұздақ қар, омбы қар, сонар қар, сүрі қар, сіреу қар, ұлпа қар, үйме қар, үрме қар болып сан алуан сипатымен аталады. Осы атаулардың өзі-ақ қазақ тілінің табиғат тынысын дәл танып, оны сөзбен бедерлей алған аса бай тіл екенін аңғартса керек. Қалай десек те, қазақ ұғымында қыстың қары қалың түссе – жаздың жайлы, малдың тоқ боларының белгісі. Ал Наурыз жақындағанда халық жердің тоңы жібиді деп есептеген. Бұл мезгілде жауған жаңа қар ескі қыстың қарын «ығыстырып әкетеді» деп сенген. Сондықтан ел ішінде:

«Ханның басын хан алар шауып тұрып,
Қардың басын қар алар жауып тұрып» деген сөз қалған.



Сұлтан СЕЙІТ

БАЛАЛАРДЫ ТІЛСІЗ ЖАУДАН ҚОРҒАЙЫҚ

Әр бала отпен ойнау қауіпті екенін біледі. Статистика бойынша пәтерлердегі өрттің көп бөлігі балалардың кінәсінен боп жатады. Сіздің мүлкіңіз және одан да маңыздысы – отбасыңыз бен жақындарыңыз тілсіз жаудан зардап шекпеуі үшін балаларыңызға қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, төмендегі жадынама бойынша өрт кезіндегі мінез-құлық ережелерін үйретуіңіз қажет.

Пәтерде бөгде иіс пайда болған кезде, дереу және мүмкіндігінше тезірек оның көзін табыңыз; өрт таралмас үшін барлық терезе мен есікті жабыңыз. Егер осыдан кейін жанудың иісі жоғалып кетсе, онда ол ашық терезе арқылы көшеден үйге кірген иіс болуы мүмкін. Бөлмелерді, балконды мұқият тексеріп, баспалдақ алаңына қараңыз. Өрттің басталуын өткізіп жібергеннен гөрі өз қауіпсіздігіңізге сенімді болғаныңыз жөн.

Егер үйде бірдеңе өртеніп жатса, бірақ оны өзіңіз сөндіре алмасаңыз, сіз дереу пәтерден кетуіңіз керек. Есіңізде болсын: улы түтін өрттен әлдеқайда қауіпті. Мұрын мен ауызды дымқыл сүлгімен немесе шүберекпен жабыңыз. Егер түтін көп болса, шығуға қарай төрт аяқтап жүруге тырысыңыз. Жедел түрде 101 немесе 112 телефондарына хабарласып, өрт туындағаны туралы хабарлау керек. Диспетчерге мекенжайын, аты-жөнін, орналасқан жерін (үй, кіреберіс, еден, пәтер, бөлме), не және қалай өртенгенін түсіндіріңіз. Содан кейін құтқарушылардың сұрақтарына нақты жауап беріңіз. Олар үйге қалай ыңғайлы және жылдам жетуге болатынын, көлікті қайда қоюға болатынын, үйде қанша қабат бар екенін, кіреберістің есігі құлыптаулы ма деп сұрауы мүмкін. Домофоннан кодты хабарлаңыз немесе оны өзіңіз ашыңыз.

Пәтерден шыққан кезде есіктерді мықтап жабыңыз, мүмкіндігінше электр құрылғылары мен электр қуатын өшіріңіз. Көршілерді міндетті түрде ескертіңіз. Лифтті қолданбаңыз, баспалдақпен абайлап төмен түсіңіз. Бұл өлімге әкелуі мүмкін. Кейін үйдің қасында қалып, өрт сөндірушілердің келуін күтіңіз.

Бала үйде өртті байқаса, оны мүмкіндігінше тезірек сөндіру керек. Тілсіз жаудың пайда болу орнына байланысты өртті жоюдың әртүрлі жолы бар. Қоқыс жәшігінде жанып тұрған қоқысты шелекке немесе кастрюльге су толтырып тез өшіруге болады. Жанып тұрған сүлгіні, қолғапты және басқа да жанғыш заттарды раковинаға абайлап лақтырып, сумен толтыру керек. Егер табада май жанса, ыдысты қақпақпен тез жапқан жөн. Ешқашан отты сумен жоюға тырыспаңыз!

Электр құрылғысы немесе сымдар жанса, пәтерді электр энергиясынан дереу ажыратыңыз. Мұндай өртті гүл құмыралардағы құммен, кір жуғыш ұнтағымен немесе синтетика емес тығыз матадан жасалған көрпенің көмегімен сөндіруге болады.

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты

№25 (4923) 03/03/2026 Сейсенбі

ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Былтыр Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Жазушылар одағының елорда филиалы бастаған «Қаламгер ұстаханасы» жобасы халықаралық деңгейге шықты. Кеше Ұлттық академиялық кітапханада аталмыш жоба аясында Қырғызстанның халық жазушысы, сол елдің Тоқтағұл атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев «Әдеби процесс және әдеби интеграция» тақырыбында дәріс оқыды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ


Іс-шара алдында ТҮРКСОЙ ұйымы Ұлттық академиялық кітапханаға сыйға тартқан 150 кітаптан құралған «Түркі әлемі: ортақ тамыр, ортақ мұра» атты көрменің ашылу салтанаты өтті. Бірқатар бауырлас елдің Қазақстандағы елшілері қатысқан жиында спикер түркі әлемінің әдебиеті, Орта Азия әдебиеті қазір басынан өзгеше мезгілді өткізіп жатқанын атап өтті. Қырғыз әдебиетінде бұл мезгілді Шыңғыс Айтматовтан кейінгі уақыт деп, ал қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезовтен кейінгі дәуір деп атауға болатынын жеткізді. Кешегі қиын 90-жылдары жақындыққа қарамастан екі ел арасында әдеби байланыс әлсіреген, әр мемлекет өзінің ғана мәселесімен оңаша қалғанын айтты. Оның пікірінше, қазір бұл байланыс қайта жанданып келе жатыр, нақты айтқанда әдеби қарым-қатынастың жаңа дәуірі басталды. Шыңғыс Айтматов қырғыз әдебиетін өте биік деңгейге көтеріп кеткенін айтқан Сұлтан Раев сол елдің қаламгерлері бүгіндері соның жолымен келе жатқанын атап өтті.

«Біз үшін екі мәселе өзекті деп ойлаймын. Оның біріншісі – әдеби байланыс. Кеңес заманында ұлы жазушыларымыздың достығы ерекше еді. Біз Айтматовтың биіктігін Әуезовсіз елестете алмаймыз. Әуезов болмаса, Айтматов шыға ма, шықпай ма – белгісіз. Себебі Айтматов қандай биікке шықса, онда, әлбетте, Әуезовтің үлкен еңбегі бар. Әуезов Айтматовты қолдап, әдебиет әлеміне, қырғыз әдебиетіне жаңа, талантты жазушы келгенін ең бірінші болып жар салды» деген Сұлтан Раев Мұхтар Әуезов қырғыздың ұлы мұрасы «Манасты» сақтап қалғанын да атап өтті.

Екі жыл бұрын Сұлтан Раевтың «Жанжаза» романы Нью-Йорк қаласында ағылшын тілінде жарық көрді. Осыған тоқталған қаламгер бұл оқиға Шыңғыс Айтматовтың кітабының ағылшын тілінде шыққаннан кейін 42 жылдан соң орын алғанын, кітабы АҚШ сыншылары мен әдебиеттанушыларының жақсы бағасын алғанын жеткізді.

Жалпы қырғыз жазушысының роман жанрындағы екі туындысы бар. Оның екіншісі – «Топан» романы. Бүгінде бұл шығарма 7-8 тілге аударылды. «Жанжаза» болса 12 тілге тәржімаланды. Қос туындыны қаламгер Қырғыз Республикасының Мәдениет министрі кезінде жазды.

«Жанжаза» романын 15 жылдай жаздым. Бұл шығарманың алғашқы аты «Ақырғы пайғамбар» болды. Жазу барысында басқа жаққа бұрылып кеттім де, атауын да өзгерттім. Бұл романда біраз дүние бар. Ескендір Зұлқарнайын сынды бірнеше тарихи кейіпкер енгізілген. Жан туралы айтқанда, ол адамға жаратқаннан беріледі дейміз. «Жанжаза» романы сол жанның жазасы туралы сыр шертеді. Ал «Топан» романының сюжеті Библиядағы оқиғадан алынды. Бірақ өркениет неге топан судың астында қалды? Осы жөнінде жаздым» деді Сұлтан Раев.



Сұлтан Раевтың екі повесі бар. «Күн қармаған бала» атты бұл жанрдағы туындыны жазушы студент кезінде, IV курста оқығанда жазды. Осы шығарманы қазақшалаған Әсем Ережекызы «Үздік әдеби аударма» аталымында «Айбоз-2025» ұлттық әдеби сыйлығын иеленді. Қаламгер осы туралы айта келе, пьесаларына тоқталды. Соның бірі «Меккеге қарай ұзақ жол» атауымен елорданың «Жастар» театрында сахналанды. Ал «Ханшаның көз жасы» бірқатар елмен қатар Англияның астанасы – Лондонда қойылды. Сол кезде авторды сол елдің патшайымы Елизавета арнайы қабылдады. Жалпы қаламгердің қоржынында осы күнге дейін 2 роман, 2 повесть, 15 әңгіме, 15-тей пьеса бар.

«1986 жылы алғаш рет Құран қырғыз тіліне аударылды. Мен аудармашылардың тобында болдым. Сол жағдай маған қатты әсер етті» деген жазушы «Жанжаза» романына қалай келгенін әңгімеледі. Әдебиеттегі «Мазмұн мен форма» ұғымдарына көзқарасын айтты. ТҮРКСОЙ ұйымы қазақ әдебиетін насихаттауға келгенде Абай Құнанбайұлынан бастап Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәбит Мұқанов, Әбіш Кекілбайұлы, Олжас Сүлейменовтің шығармаларын түрік тіліне аударғанын айта келе, биыл Олжас Сүлейменовтің 90 жылдық мерейтойына орай шығармалары ТҮРКСОЙ-дың барлық тіліне тәржімаланатынын жеткізді. Серікбол Қондыбайдың түрік тіліне аударылған еңбегі феноменге айналғанын атап өтті.

Дәріс соңында Сұлтан Раев белгілі әдебиет сыншысы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Амангелді Кеңшілікұлын ТҮРКСОЙ-дың «Алтын медалімен» марапаттады. Ақын, манасшы Баянғали Әлімжанұлы «Манас» жырынан үзіндіні жырлады.

АҒАЛАР АЙТҚАН ӘҢГІМЕ

ЖЕҢІСІ МЕН ЖЕҢІЛІСІ ҚАТАР ӨМІР

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Құрманбек өмірінің соңғы кезінде қатты ауырды. Бірақ өлең-тойлардан қалмай, жұрт алдында жиі төбе көрсетіп жүрді. Шиңгіл ауданында 10 мың адам «қара жорға» биін билегенде, ауру меңдетіп жүрген Құрағаң да (халық солай атап кеткен) қатардан қалмай билеп еді. «Құраға, сіз билемесеңіз де «қара жорға» қаран қалмас еді ғой?» дейміз ғой фотоға түсіріп жүрген бір топ тілші. «Кәрі қойдың жасындай жасым қалды. Мені Құрманбек қылған халықтың ықыласы мен қара өлеңнің арқасы ғой. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін ұлттық биімізді ұлықтап жатқанда мен қайтып жанымды күйттеп үйде жатайын?!» деп жауап қайырды.

Келесі жылы Үрімжі қаласында кезекті IV ақындар айтысы өтті. Өлкелік деңгейдегі бұл айтыс Қытай қазақтары үшін республикалық айтыспен бірдей еді. Айтысты өзі тіке жауапты болып өткізген өлкелік үкіметтің сол кездегі басшысының орынбасары Тілебалды Әбдірешитұлы қала төріндегі ән-би театрының алдына ақ боз үй тіккізіп, үш күн бойы қаланы әсем ән, тәтті күйге бөледі. Тілебалды сол айтысқа Құрманбек пен Жамалханды құрметті қонақ ретінде арнайы шақырды. Құрманбек қатты ауырып жүрсе де келіп, айтыстың әредігінде жұрттың қалауы бойынша Жамалханмен 15-20 минут айтысты. Ол сахнаға көтерілгенде, көрерменнің көбі ауру меңдеткен ардақты ақынын аяп, көз жасына ерік бергені, 5 минут бойы орындарынан түрегеп тұрып қол соққаны күні бүгінге дейін көз алдымда. Бұл Құрманбектің өзі 40 жыл өлең айтқан киелі сахнаға соңғы рет шығуы, халықпен соңғы рет қоштасуы боларын кім білген?!



Қытай қазақтарының айтыс өнерінде Құрманбек Зейтінғазыұлы мен Жамалхан Қарабатырқызының алатын орны ерекше. 40 жылдан астам айтыс сахнасында жүрген қос тарланның өлең сүйер қауымға аңыз болған әңгімелері де аз емес. Ел алдына шыққа қара өлеңмен қағысып, қызыл тілмен айқасып отыратын екі ақын жайшылықта бірін-бірі көтермелеп, қашанда тасын төрттен қойып отыратын.

Екеуінің айтысы ақырласқан соң, айтысты қағазға түсіріп, ертеңгі газетке бастырып жіберейін деген оймен өзіміз жатқан қонақүйге қарай жүгірдім. Айтысты көшіріп болғанша 2-3 сағат уақыт өтті, енді газетке жіберейін десем, басшымыз марқұм Есімбек Панарұлы Жамалхан апаның ауырлау айтқан жерлерін көрсетіп: «Өзі ауырып жүргенде Құрағаңа ыңғайсыз болмай ма?» деп ойлантып тастады. «Құрағаңның өзіне бір ауыз айтайық онда» деп телефон шалып едім, көтермеді. «Газетті басуға жібереміз» деп мекемеден де қайта-қайта телефон шалып, қаузау түсіп жатыр. «Енді қайттік?» деп қатты қысылып тұрғанда біреу есік қақты. Барып ашқанда өз көзіме өзім сенбей тұрып қалдым, келіп тұрған Құрағаңның өзі. «Мазалап қойған жоқпын ба? Қонақасыда едім, неге екенін білмедім, алағызып отыра алмадым» дейді Құрағаң.

– Біз ғой сізді отырғызбаған. Сізді іздеп таппай жатқанбыз, – деп мән-жайды айтып едім: «Ой, балам, жібере бер, халықтың алдында айтылған өлең ғой, ешнәрсесін өзгертпей сол қалпында жібер, керектеріңе жараса. 40 жыл бойы тәтті де, қатты да айтқан Жамалханға өкпем жоқ. Жамалхан, Мейрамхандай мықты әріптестерім болмаса, менің ақын Құрманбек болуым да неғайбыл еді» деді. Сосын айтысты газетке жібердік те, Құрағаңды ортаға алып әңгіме соқтық. Қасынан екі елі қалмай, денсаулығын қадағалап жүрген қызы Нұршат та демал деген жоқ, «әңгімелесіп алыңыз» деп әкесіне ерік берді.

Айтыс төңірегінде өрбіген әңгіменің арасында «Жамалхан ападан жеңілген жеріңіз болды ма?» деп сұрадым.

– Жамалхан әр жүрісін алдын ала жоспарлап отыратын мықты шахматшылар секілді, айтыста да әр сөзін екшеп, әр уәжін таразылап барып айтады. Ол – қарсыласының мүмкін қадамын алдын ала болжап, жауаптың бірнеше нұсқасын санасында саралап, шырғалап айтысатын ақын, – деп бір тынып алған Құрағаң «Мені екі рет сүріндірген жерін айтайын» деп сөз бастады.

– Осыдан 6-7 жыл бұрын ота жасатып Үрімжіде емханада жатқан кезім еді. Жанәбіл ақсақалдың (Қытай қазақтарынан шыққан мемлекет және қоғам қайраткері) үйіне Жамалхан келген екен, кеште мені де шақырды. «Отаның орны әлі біткен жоқ» деген дәрігердің қарсылығына қарамай, Жәкеңнің үйіне жеттім кештетіп. Астан кейін отырғандар өлең тыңдайық деп домбыраны Жамалханға ұстатты. Жамалхан домбыраны ала салып: «Сенен басқа ақын жоқ па қазақта? Ауырып жатсаң да тарлан бозым сен жеттің бе?» деген мазмұнда бастады өленді. Мен онысына сеніп қалып:

Жайым жоқ қыран құстай
бап тілеген,
Тұлпардай дүбір көрсем қақтым елең.
Жамалхан мін тақпассың сен
келген соң,
Ішегімді шұбатып айттым өлең,

– деймін ғой, сонда Жамалхан:

Бұл күнде жер ортаға келген жасым,
Аспаса, төмен емес ерден басым.
Шықсанда менің дауысым,
ауру түгіл,
Өлген ақын көтерер көрден басын,

– деп сөз тауып кетті.

– Ыстанбұлға бара жатқан сапарда жеңгеңізді айтыңызшы онда, – дедім мен де қоймай тақымдап.

– Бір жылы Жанәбілдің арнайы ұйымдастыруымен Түркияға баратын болдық. Ол кезде аймақтардан Үрімжіге жүретін арнайы автобус жоқ, әрі-бері сабылған жүк машинасымен келетін едік. Шаңы аспанға шыққан күре жолдың шаңын қауып Үрімжіге жеттім де, қонақүйге келе салып душқа кіріп кеттім. Сақал-мұртымды басып, жуынып-шайынып алып Жамалхандармен амандасайын деп ойлағанмын. Бірақ менің келгенімді аңдып тұрғандай, мен жуыну бөлмесіне кіре бере Жамалхан өленді тоя берді. «Ай» деп бастағанда-ақ өзімше мен де дайындалып едім, бірақ Жамалхан ұйқасты күтпеген жерден алып:

Ұшқанда Үрімжіден Ыстанбұлға,
Күнде суға түсесіз ыштан қолда.
Қазір алған дәретті қазір бұзып,
Таба болып жүрмеңіз дұшпандарға,

– деп өленде айтқанда айтарға сөз таппай қалдым емес пе, ал анау Құрманбектің жауабы деген бір шумақты кейін жігіттер қылжаққа шығарып жүр ғой, – деді Құрағаң.

– Сонда жеңген жеріңіз жоқ па? Жеңілісіңізді ғана айттыңыз ғой? – деп тағы да сөзге тартып едік, «оны Жамалханнан сұраңдар, жеңілгенді мойындай білу керек. Жеңіс пен жеңілісі қатар жүретін өмір ғой» деп Құрағаң әңгімесін доғарды. Бұл біздің ақын атамызбен соңғы рет сұхбаттасуымыз болды. 2011 жылы 8 қаңтарда Құрманбек Зейтінғазыұлы өмірден озды. Өлең болып өрілген өмірі басталды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ



Кез келген елдің азаматы сияқты қазақстандықтар да өмір бойы мемлекеттік қызметтермен үнемі бетпе-бет келіп отырады. Туу туралы куәлік алу, баланы балабақшаға немесе мектепке орналастыру, емханаға тіркелу, жәрдемақы рәсімдеу, анықтама алу, жылжымайтын мүлікті тіркеу және басқа да маңызды қызметтердің барлығы осы салаға жатады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Ербол ЖОЛДАНҒАРДАН астаналықтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасының түрлері мен оның сапасы туралы сұраған едік.

– Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бекітілген ережеге сай келуі керек. Ол қалай реттеледі?

– Мемлекеттік қызмет қолданыстағы заңнамамен бекітілген нақты қағидалар мен мерзімдерге сәйкес көрсетілуі тиіс. Ол үлкен жауапкершілік пен мызғымас тәртіпті талап етеді. Алайда тәжірибеде белгіленген талаптардың сақталмауы қызмет алушылар құқығының бұзылуына әкеп соғады. Атап айтқанда, қызметті белгіленген мерзімде көрсетпеу немесе тәртібін бұзу; негізсіз бас тарту. Ал қызмет көрсету сапасының төмендігіне толық ақпарат бермеу, әдеп нормаларын сақтамау, шағымдарды қарамау жатады.

– Көрсетілген қызметке көңілі толмағанда азаматтардың шағымдану мүмкіндігі қандай?

– Қазақстан Республикасының заңнамасы азаматтарға өз құқығын қорғаудың бірнеше тетігін ұсынады. Қызмет көрсетушінің өзіне жүгінуден бастап уәкілетті органға дейін шағым беруге болады. Сотқа дейінгі шағымдану тәртібі өз құқығын жедел қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Ал Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау аясында келіп түскен шағымдарды қарап, азаматтардың бұзылған құқығын қалпына келтіруге ерекше көңіл бөледі. Уәкілетті органның дер кезінде араласуы мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттырып, құқықты тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

– Құқықты қалпына келтіру бойынша нақты мысалдар келтіре аласыз ба?

– Иә. Мәселен, мұғалімдердің еңбек құқығын қорғау бойынша қызмет алушы Ж.Т. өтінішін айта кетейін. Ол «Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы бос немесе уақытша бос лауазымға орналасуға конкурсқа қатысу үшін педагогтардың құжаттарын қабылдау» мемлекеттік қызметін алу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тарту, тиісінше конкурстарға қатысуға шеттету бойынша мектеп әкімшілігі қызметкерлерінің әрекетіне қатысты шағымданған. Тексеру нәтижесінде мектеп әкімшілігінің тарапынан мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының сақталмағаны, яғни негізсіз бас тартқаны анықталып, бұл іске жауапты болған мектеп қызметкері өзінің функционалдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылып, қызмет алушының құқығы қалпына келтірілді. Сондай-ақ алдағы уақытта азаматтар құқығының бұзылуына алып келуі мүмкін ықтималдылықтың орын алуы мүмкін фактілерді болдырмау мақсатында мектеп әкімшілігіне заңнама талаптарын қатаң сақтау жөнінде ұсыныстар берілді.

Медицина ұйымына тіркеуден заңсыз бас тарту бойынша құқығын қалпына келтіруге қатысты мына жағдайды айта кетейін. Қызмет алушы А.А. «электронды үкімет» порталы арқылы тұрғылықты жері бойынша тіркелу үшін медицина ұйымына өтініш жолдаған, алайда емхана қызметкерлері хабарласып, үйіне келіп тексеріс жүргізуден кейін ғана тіркеуді жүзеге асыратынын айтқан және медицина қызметкері тексеру жүргізу уақытында қызмет алушының үйде болмауы себепті тіркеуден бас тартқанын баяндайды. Департамент тексеру жүргізу барысында, анықталған бұзушылықты жою туралы ұсыныс негізінде, қызмет алушы медицина ұйымына тіркеліп, бұзылған құқығы қалпына келтірілді, сондай-ақ емхананың жауапты қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі қарастырылды.

Мемлекеттік қызметтің аясы кең. Оған дәлел ретінде кәсіпкерге рұқсат құжатын беру кезінде құқығын қалпына келтіру мысалын айта кетуге болады. Астаналық құрылыс компаниясының шағымына сәйкес, оның Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасымен рұқсат құжатын, яғни мемлекеттік қызметін көрсетуден негізсіз бас тартуына келіспеуі бойынша шағымы келіп түскен. Шағымды қарау нәтижесінде, департаменттің ұсынысы негізінде, қызмет алушыға рұқсат құжаты беріліп, бұзылған құқығы қалпына келтірілді, уәкілетті органның лауазымды тұлғасы рұқсат беруден негізсіз бас тартқаны үшін заңнамаға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Мемлекеттік қызметті уақытылы көрсетпеу бойынша қандай тәртіп бұзушылықтар бар?

– Ондай мысалдардың бірінде дәнді дақылдар өндірісі саласында айналысатын жеке кәсіпкердің «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау» мемлекеттік қызмет нәтижесін бермеу фактісі бойынша шағымы қаралды. Тексеру нәтижесінде, департаменттің ұсынысы негізінде, қызмет алушыға қызмет нәтижесі беріліп, бұзушылыққа жол берген жауапты қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

– Бақылау жұмысы қандай қорытынды көрсетіп отыр?

– Талдау көрсеткендей, бұзушылықтардың басым бөлігі қызмет көрсету мерзімінің сақталмауына, негізсіз бас тартуға және заңнаманы дұрыс қолданбауға байланысты. Департаменттің жедел әрекеті кемшіліктерді уақытылы жоюға, тәртіпті күшейтуге және процестердің ашықтығын арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ сотқа дейінгі шағымдану тетігінің тиімділігі дәлелденіп отыр – негізді шағымдар бойынша азаматтардың құқығы қалпына келтірілді.

Қорытындылай келгенде, қызмет алушылардың бұзылған құқығын калпына келтіру – бұл тек мемлекеттің міндеті ғана емес, азаматтар мен жүйе арасындағы сенімнің негізі. Әрбір азамат сапалы мемлекеттік қызмет алуға құқылы және оның орындалуына қол жеткізе алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сіздің құқығыңыз бұзылған жағдайда, департаментке Сарыарқа даңғылы, 13 мекенжайы бойынша жазбаша не электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Otinish» азаматтардың бірлық өтінішін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «EgovKzBot2.0» Telegram бот-платформасы арқылы жүгіне аласыз. Департаменттің әлеуметтік желідегі парақшалары да халыққа әрдайым ашық. Кез келген сұраққа жауап беруге дайынбыз.

Сұхбаттасқан
Айгүл УАЙС

ЖҮРЕКТЕГІ МӘҢГІЛІК АЛҒЫС

Бастауыш сыныпты аяқтап, балалықтың бір белесін артқа тастап, орта буынға қадам басқан сәт – әр оқушының өміріндегі жауапты кезең. Дәл сол өтпелі шақта бізге жетекшілік етіп, бағыт-бағдар берген ардақты ұстазымыз Абай облысы Ақсуат ауданы Жәнтікей ауылындағы Қаныш Сәтпаев атындағы мектептің ұлағатты ұстазы, талай шәкіртке сапалы білім мен тағылым берген сынып жетекшіміз Саяхова Жанануар Оразқызы еді. Ол кісі бізге математиканың қыр-сырын үйретіп қана қойған жоқ, өмірдің оңы мен солын танытып, мектептегі әр сабақты өмірлік тағылыммен ұштастыра білді.



5-сыныпқа келген біз үшін жаңа пәндер, жаңа талаптар, жаңа орта – бәрі тосын көрінді. Сол сәтте Жананур апайдың мейірімі мен парасаты бізге демеу болды. Әр оқушының жүрегіне жол тауып, бойымызға сенім ұялатып, «қолыңнан келеді» деген бір ауыз сөзімен талайымызды биікке жетеледі. Оның сабағында математика құр сандар мен формулалар жиынтығы емес, тәртіп пен табандылықтың, ойлау мен ізденістің мектебі еді. Ұстазымыз бізге есеп шығаруды ғана емес, өмірде шешім қабылдауды, қиындыққа мойымауды, бастаған істі соңына дейін жеткізуді үйретті. Әр сабағы – ойлануға шақыру, әр ескертуі – түзелуге мүмкіндік, әр мақтауы алға ұмтылуға жігер болатын. Әр есептің артында еңбек, әр жетістіктің артында төзім жатқанын санамызға сіңірді. Сондықтан оның әр сабағы білім сабағы ғана емес, өмір сабағы еді.

Ұстазымның бойындағы сабырлылық, әділдік, білімге деген шексіз құрмет, шәкіртке деген махаббат менің жүрегімде терең із қалдырды. Сонау балалық шақта-ақ Жананур апайға қарап тұрып «мен де осындай ұстаз болсам екен» деген арман пайда болған еді. Уақыт өте келе ол арман айқын мақсатқа айналды.

Бүгінде мен Астана қаласында ұстаз болып қызмет етемін. Ұстазымның бізге берген тәлімі мен өнегесін бойыма сіңіріп, шәкірттеріме жеткізуге тырысамын. Егер бір баланың жүрегіне сенім ұялата алсам, бір оқушының болашағына жол ашсам – бұл менің ғана емес, ұстазымның еңбегінің жалғасы деп білемін.

Көктемнің шуақты күні – Алғыс айту күні. Табиғат түлеп, айналаға жылу тарайтын осынау сәт қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келіп отыр. Мейірім мен сабырға үндейтін қасиетті айда ардақты ұстазымыздың бақилық болуы жүрегімізге ауыр тиді. Дәм-тұзы таусылып, Раббысына қайтқан аяулы жанның жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Алғыс айту күнінде ең алдымен ұстазымызға алғыс айтқымыз келеді. Бізді білім нәрімен сусындатып, үлкен өмірге дайындағаны үшін, әрқайсымызға сенім артып, үміт сыйлағаны үшін, қателігімізді түзеп, жетістігімізге қуана білгені үшін мың алғыс! Сіздің берген біліміңіз – біздің болашағымыздың берік іргетасы, сіздің тәліміңіз өмір жолымыздағы шамшырақ болды.

Қасиетті айда дүниеден озған ұстазымыздың жаны жәннатта болсын. Алла Тағала барша жасаған жақсылығын еселеп, алдынан жарылқасын. Артында қалған шәкірттері үшін сіз әрдайым үлгі, әрдайым биік тұлға болып қала бересіз. Сіз еккен білім дәні талай жүректе көктеп, әлі талай биікке бастай беретініне сенеміз.

Қаламқас
АХМЕТҚАЛИЕВА,
шәкірті

ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ ЖАДЫМЫЗДА

101 жасқа қараған шағында Ұлы Отан соғысының ардагері, Баянауыл ауданының құрметті азаматы, мейірімді де парасатты адам Қайыр Хасенұлы Хасенов дүниеден озды.

Қайыр Хасенұлы қазақтың тарихы бастау алған, киелі, әдемі де шұрайлы өлкенің бірі – Баянауыл аумағының тумасы. Саналы ғұмырын туған жердің игілігін арттыруға арнап, өлшеусіз үлес қосқан адам.

17-ге толар-толмас шағында адамзат тарихындағы аса алапат оқиға – Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қызыл Армия қатарына шақырылған. 1943 жылдың қаңтарында Красноярскідегі алты айлық жауынгерлік дайындықтан өтіп, қан майданға аттанған. Қазақстандық қайсар жауынгерлермен бірге Украина мен Белоруссияны азат ету шайқастарына қатысып, әйгілі «Катюша» артиллериялық реактивті кондырғысының зеңбірекшісі болып, фашист басқыншыларының арманын жүзеге асыртпаған. Ұлы Отан соғысы Еуропада аяқталғаннан кейін Маньчжуриядағы соғыс қимылдарына қатысып, Мукден, Харбин қалаларын жапондардан азат етіп, талай ерлік көрсетті. Соның дәлелі ретінде Қайыр Хасеновке подполковник шені беріліп, кеудесіне II дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Маршал Жуков», «Жапонияны жеңгені үшін», Украина Республикасы Президентінің медальдары, мерейтойлық медальдар тағылды.

Бейбіт жылдары да Қайыр Хасенұлы еңбек майданының алғы шебінен көрініп отырды. Аудан көлемінде жоғары деңгейдегі партия, кеңес, қоғамдық қызметтерді атқарып, өзін нар тұлғалы азамат ретінде көрсетті. «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген медальмен марапатталды. Баянауыл ауданының «Құрметті азаматы» атағына ие болды. Зейнетке шыққаннан кейін біраз уақыт Астанада тұрып, ардагерлер ұйымының жұмысына белсене қатысты.

Біз Қайыр Хасенұлын әрқашан адамгершілігі мол, ақылшы ақсақал ретінде құрмет тұтатын едік. Өйткені ол қызмет істеген жылдары қай жұмысты да абыроймен атқарып, ел сенімін ақтай білді. Оның қарапайым мінезі, қашанда халық қамын ойлайтын адал көңілі – баршамыз үшін үлкен өнеге. Марқұмның жарқын бейнесі жадымызда мәңгі қала береді.

Астана қаласының
Ардагерлер кеңесі,
Астана қаласы
Сарайшық ауданының
Ардагерлер кеңесі

№25 (4923) 03/03/2026 Сейсенбі

ТӘРБИЕЛІК МӘНІ БАР

Астана қаласындағы Жастар театрының сахнасында «Заң мен тәртіп» қағидасы аясында жазушы Рақымжан Отарбаевтың «Соңғы аялдама» атты әлеуметтік трагедиясы көрерменге ұсынылды. Іс-шараға қала әкімінің орынбасары Есет Байкен және қала прокуратурасының, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдері қатысты.



Қойылымда бүгінгі қоғамды алаңдатып отырған өзекті мәселе – есірткіге тәуелділік тақырыбы қозғалды. Сахна туындысында нашақорлықтың адам өміріне тигізер зияны, оның жеке тағдырларды қалай күйрететіні әсерлі түрде көрсетілді. Бұл қойылым жазушының «Нашақор жайлы новелла» пьесасының желісі негізінде сахналанды. Оны бүгінгі заманға лайықтап, жастар тілімен жаңғыртқан қоюшы-режиссер – мәдениет саласының үздігі Нұрфат Вахитов. Оның айтуынша, «Соңғы аялдама» жас ұрпақтың бойында әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға, адами құндылықтарды дәріптеуге және нашақорлықтың алдын алуға бағытталған.

Қала әкімінің орынбасары Есет Байкен елордада «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында ауқымды тәрбие жұмысы жүргізіліп жатқанын жеткізді.

– Кейде өмірде жасалған бір теріс қадам адамды қайтарымсыз соңғы аялдамаға әкелуі мүмкін. Сондықтан заңға құрмет пен тәртіпке бағынудың маңызын жастардың санасына сіңіру – қоғам алдындағы ортақ жауапкершілігіміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы еліміздің жарқын болашағын құру үшін аса маңызды тетік екенін жиі айтады. Осы бағыттағы тәрбие жұмысы аясында елордалық оқушылармен «Соңғы аялдама» қойылымын тамашаладық. Қалалық әкімдік тарапынан «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында бірқатар жоба жүзеге асуда, – деді қала әкімінің орынбасары.

Оның айтуынша, Мәдениет басқармасымен бірлесіп «Жылы мұң», «SOS», «Независимые», «Екі жирен» сынды қойылымдар да көрерменге ұсынылып, құқық мәдениеті мен жауапкершілік мәселесін көтеріп келеді. Жалпы соңғы жылдары елорда театрларындағы қойылымдарды тамашалаған көрермен саны 350 мыңға жуықтаған. Соның ішінде 40 мыңнан астам көрермен «Заң мен тәртіп» тақырыбындағы спектакльдерді көрген.

– Былтыр білім беру ұйымдарында 3200-ге жуық профилактикалық іс-шара жүргізілсе, биыл жыл басынан бері 500-ге жуық іс-шара жүргізілді (250 мыңнан астам баланы қамтыды). Одан бөлек, қалалық дәрежеде ауқымды 700-ден астам шара іске асты. Сонымен қатар елордада өткен жарқын жобаның бірі – «Заң және бала: қатесіз болашақ» атты қалалық мектеп спектакльдері байқауын атап өткім келеді. Оған 3000-нан астам оқушы қатысып, жалпы медиа-қамту көлемі 2 миллионнан астам қаралымды құрады, – деді Есет Байкен.

Бетті дайындаған **Шапағат ӘБДІР**

АНВАРАНЫҢ «АҒЫНЫ»

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерт ұйымында танымал қазақстандық хореограф, «Gulder» ансамблінің бас балетмейстері Анвара Садықованың шығармашылық қызметіне 25 жыл толуына арналған «Flow/Ағын» концерті өтті.



Кешке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерболат Ахмедияров, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының солисі, халықаралық байқаулардың лауреаты Сұлтанбек Ғұмар, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының солисі Динара Құдабаева, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты Көркем Шолошова, Нұрай Шеру, Аққанат Смағұлова, «Turan» этно-фольклорлық ансамблі, Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрі және Қазақ ұлттық хореография академиясының студенттері қатысты.

Анвара Садықова – 70-тен астам би қойылымы мен екі балеттің авторы. Сондай-ақ ұлттық хореография тарихы туралы үш деректі фильмге сценарий жазып, режиссерлік етті. Ұлттық балет мәселелеріне арналған 25-тен астам ғылыми-зерттеу мақала мен 4 кітап жазды. Би әлемінде аты бар хореограф қазір Латвия, Ресей, Беларусь және Қазақстандағы хореографиялық халықаралық байқаулардың қазылар алқасының мүшесі болып жүр.

Концерт шымылдығын Бейбіт Оралұлының музыкасына қойылған бас балетмейстердің төл туындысы «Дала әуені» хореографиялық композициясы ашты. Көрнекті күйші-композитор, Қазақстанның халық әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Секен Тұрысбектің «Көңіл толқыны» күйіне қойылған би де көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ал Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген әртісі Гүлзада Рысқұлованың музыкасы мен сөзіне жазылған «Tolgonuu» әнін автор шырқап, «Gulder» ансамблі бимен әрледі. Нұрғиса Тілендиевтің күйіне қойылған «Аққу» биі де көрермен көңілінен ерекше орын алды.

Іс-шара аясында француз композиторы Морис Равельдің музыкасына қойылған «Замана жаңғырығы» этно-балетінің тұсауы кесілді. Қойылым мазмұнында Тұмар ханшайымның тұлғасы арқау болып, сақ дәуірінің шежіресі мен көк түріктер кезеңі, бабалар дүниетанымы тұтас көркем концепцияға тоғысты.

Сонымен қатар концерт бағдарламасында Анвара Садықованың Қазақстанның жетекші хореографиялық және театрлық ұжымдарының репертуарына енген таңдаулы қойылымдары ұсынылды. Ал музыка мен бидің жарасымды үндестігі концерттің көркемдік деңгейін арттырып, ұлттық өнердің өміршеңдігін тағы бір мәрте дәлелдеді. Көрермен қауым әрбір қойылымды ерекше ықыласпен қабылдап, концерт соңында ұзақ уақыт қол соғып, жылы лебізін білдірді.

ӘУЕСҚОЙЛАР ХОККЕЙІ

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында және «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасын қолдау мақсатында әуесқой хоккейшілер арасында Astana Ice Cup турнирі ұйымдастырылды. Оған 8 әуесқой команда қатысты.

Іс-шараның мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, жастар арасында құқық мәдениетін арттыруға үлес қосу, спорт арқылы зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыру.

– Турнир Астана қаласы Алматы ауданы әкімдігінің қолдауымен өтті. Іс-шараны №10 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі және қалалық әуесқой хоккей лигасымен бірлесіп ұйымдастырдық. Ойындар тартысты және қызықты болды, қатысушылар да, көрермендер де риза. 3х3 форматы – жылдам әрі динамикалы, сондықтан бұл тәжірибе спортшыларға жаңа мүмкіндік сыйлады. Біз «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасы аясында осындай турнирлерді қолдауды жалғастырамыз, – деді Астана қалалық әуесқой хоккей лигасының жарыстарды ұйымдастыру жетекшісі Абай Макушкин.

«Алпамыс» командасының орталық шабуылшысы Илья Литинцев те өз әсерімен бөлісті:

– Жарыс жоғары деңгейде өтті. Барлық процесс жүйелі: мұз айдынының сапасы, ойын кестесі, төрешілік – бәрі көңілден шықты. Осындай жағдай спортшыларға барын салуға мүмкіндік береді. Әсіресе ұйымдастырушыларға және әкімдікке алғысым шексіз.

Турнир соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталып, қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталды.



АВТОКӨЛІКТЕР БӘЙГЕСІ

Есіл өзеніндегі «Атырау» көпірі маңында дәстүрлі мұз жарысы – «Самұрық-2026» ралли-кроссы өтті. Биыл оны KazMotorSport компаниясы кәсіби автогонщиктермен бірлесіп, Астана қаласы авто-мотоспорт федерациясының қолдауымен ұйымдастырды.

Додаға Астана, Щучинск, Көкшетау, Петропавл, Қарағанды, Павлодар, Өскемен және Омбы қалаларынан келген 35 экипаж қатысты. Жарыс ICE-Pro алдыңғы жетек, ICE-Pro артқы жетек және ICE-Pro толық жетек санаты бойынша өтті. Қатысушылар 1,5 мм шипі бар арнайы спорт шиналарын пайдаланса, пилоттар мен штурмандар қауіпсіздік дулығасымен өнер көрсетті.

– Жарыс жұптық ралли-кросс форматында ұйымдастырылды: екі көлік бір мезетте жарыс жолына шығып, бірі ұзын, екіншісі қысқа трассамен жүріп, кейін қозғалыс барысында жолдарын ауыстырады. Қашықтықты жылдам еңсерген экипаж жеңімпаз атанады, ал екі рет жеңілген қатысушы жарыстан шығады. Сөйтіп финалда жеңіс екі мәрте басым түскенге дейін жалғасады. Іс-шара «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы, есірткіге қарсы күрес жоспары аясында өтті. Мұндай спорт шаралары жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етеді, – деді Астана қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі Жандос Сейтенов.

Айта кетейік, «Самұрық» ралли-кроссы 2007 жылдан бері өтіп келеді және бүгінде еліміздегі ең танымал қысқы автоспорт жарыстарының біріне айналып, Қазақстанның түрлі өңірлерінен, көрші мемлекеттерден қатысушылар мен жанкүйерлерді жинайтын дәстүрлі дода ретінде танылып отыр.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №25

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Индира БЕРЖАНОВА